

- айналысуға, соның ішінде ұйымдастыру - құқықтық формасына карамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға;
- 2) педагогикалық, ғылыми және өзге шығармашылық істен бөлек өзге ақылы іспен айналысуға;
  - 3) өзі қызмет ететін, немесе карамағындағы не бакылауындағы мемлекеттік органда үшінші жақтың ісі жөнінде өкілі болуға;
  - 4) егер шаруашылық субъектілерді басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттігіне кірмесе, өздігінше шаруашылық субъектілерді басқаруға қатысуға, өзінің қызметтік өкілеттіктерін мүліктік немесе өзге игіліктерге қол жеткізу мақсатында құқыққа қайшы пайдалану арқылы ұйымдардың не жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға ықпал жасауға;
  - 5) қызметтік емес мақсатта материалдық - техникалық, қаржылық ақпараттық қамтамасыз етуді, өзге мемлекеттік мүліктік және қызметтік ақпаратты пайдалануға;
  - 6) мемлекеттік органдардың бірқалыпты қызмет етуіне және лауазымдық міндеттердің орындалуына, ереуілдерді қосқанда, кедергі болатын іс-қимылдарға қатысуға;
  - 7) қоғамдық адамгершілікке, тәртіп пен қауіпсіздікке қол сұғушылықпен байланысты заңнама талаптарын бұзуға, басқа азаматтарды құқыққа қайшы, қоғамға қарсы іс-қимылдар жасауға тартуға;
  - 8) қызметтік жағдайын және сонымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің мүддесін қорғауда, соның ішінде оларға деген қарым-қатынасын насихаттау үшін пайдалануға;
  - 9) қызметшіге заңды, сондай-ақ жеке тұлғалармен қызметтік ісімен байланысты әрекеттері үшін марапаттау ретінде сый-сияпаттар, ақшалай сыйлар, демалысқа, сауықтыруға, ұялы байланысқа, көлік шығындарына арналған төлемдер алуға тыйым салынады.